




№	Педагогикалық кеңесте қаралатын мәселелер	Уақыты	Өткізілетін түрі	Жауапты
1	Білім беру қызметкерлерінің тамыз кеңесінің материалдарымен таныстыру.	Қыркүйек 2025жыл	Дөңгелек үстел	Директор С.И.Эбиева
2	Жазғы сауықтыру - шынықтыру іс-шараларының атқарылған жұмыстарын талқылау, қорыту.		Есеп	Медбике: Парахатова А.
3	Тәрбиешілерді жаңа оқу жылына арналған сабақтарымен таныстыру. 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекіту: - жылдық мақсат пен міндеттерді; - оқу жоспарларын, вариативтік бөлімін бекіту; - ұйымдастырылған іс-әрекеттерді бөлу кестесі; - перспективалық жұмыс жоспарлары; - күн тәртібі кестесін бекіту		Мәлімдеме	Әдіскер: З.И.Эбиева
4	Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін анықтап, бекіту.		Мәлімдеме	Әдіскер: З.И.Эбиева

**«Мерейлі» жекеменшік балабақша 2024-2025 оқу жылындағы
педагогикалық кеңестің №1 хаттамасы**

05 қыркүйек 2024 жыл

Жаңаөзен қаласы

Күн тәртібінде:

1. 2024-2025 оқу жылының жұмыс жоспарын үлгілік оқу жоспары бойынша жасақтау, таныстыру, талдау, бекіту және стандартқа сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізу - жауапты балабақша директоры С.И.Эбиева
2. «Жазғы сауықтыру – шынықтыру шараларының қорытындысы -жауапты әдіскер С.И.Эбиева
3. Жаңа оқу жылына балалардың тізімін дайындау, топтарды безендіру, барлық топтарға арналған жылдық, тақырыптық жоспарларын, базистік оқу жоспарын және күн тәртібін бекіту - жауапты әдіскер С.И.Эбиева
4. Балабақшаның аттестаттау комиссия құрамын құру – жауапты балабақша директоры С.И.Эбиева

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша:

«Мерейлі» жекеменшік балабақша директоры С.И.Эбиева 2024-2025 оқу жылының жұмыс жоспарын үлгілік оқу жоспары бойынша жасақтау, таныстыру, талдау, бекіту және стандартқа сәйкес өзгерістер мен толықтырулар туралы түсіндірді.

1. 2024-2025 оқу жылының жұмыс жоспарындағы өзекті мәселе, міндеттерді шешуде педагогтар тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануға жұмыстанды.
2. Педагогикалық процестің жаңашылдығын қамтамасыз ету тақырыбында семинарлар, педкеңестер, әдістемелік отырыстар, жас мамандармен жұмыстар, өндірістік бас қосулар, жыл бойы ашық сабақтар өткізілетінін айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша:

Бөбекжай әдіскері С.И.Эбиева жазғы сауықтыру – шынықтыру шараларының қорытынды есебімен таныстырды. 2024-2025 оқу жылында, шынықтыру шараларының ұйқыдан кейінгі шаралар және серуендер, таза ауадағы дене шынықтыру, таңертеңгілік жаттығулар уақытымен орындалды. Маусым айының 15-нен тамыз айының 15-не дейін күн қызған шағында серуенге балалар бас киіммен шығарылады. Жазғы шынықтыру шараларының барлық комплекстері орындалды.

Сөз сөйлеу:

1. Тәрбиеші Н.Бектемесісова – сұрақ қойды. Семинарда «Педагогикалық процесстің жаңашылдығын қамтамасыз ету» тақырыбында семинар өткізесіңдер, делінген – бұл не үшін керек?

Жауап: Қазіргі таңда жаңа технологиялармен қаруланған мамандарды дайындау басты міндет болып отыр. Сондықтан біз әрдайым алда, мамандарды дамытып, ізденісте болуымыз керек.

Тыңдалды:

Үшінші мәселе бойынша:

Балабақша әдіскері С.И.Эбиева жаңа оқу жылына балалардың тізімін дайындау, топтарды безендіру, барлық топтарға арналған жылдық, тақырыптық жоспарларын, базистік оқу жоспарын және күн тәртібін бекітіп, педагогтарға таныстырып мәлімдеме жасады. «Мерейлі» жекеменшік балабақшасы 2024-2025 жаңа оқу жылына топтарды дайындау мақсатында әр топ жас ерекшелігіне сай қылып толықтырды. Жалпы балабақшада 3 топ, оның ішіне сәбилер, ортаңғы, ересек, топтары бар. Әр түрлі бұрыштар мен стендтер дайындалды.

Төртінші мәселе бойынша:

Балабақша директоры С.И.Эбиева өз сөзінде аттестаттау комиссиясының құрамымен, ережесімен таныстырды. Аттестатцияға іс-тәжірибелерінен портфолиоларын жинақтап, құжаттарын тексеріп дайындауды, аттестатциядан өтетін педагог мамандардың шығармашылық жұмыстарымен айтып өтті. Балабақша әдіскеріне осы жұмыстардың орындалуын қадағалауды тапсырды.

Сөз сөйлеу:

1. С.И.Эбиева – неге әлі күнге дейін топтар толық дайын емес? Кейбір топтардың тәрбиешілері оқу жылына дайын емессіндер, неге?

Жауап: №2 топтың тәрбиешісі С.Куракбаева – материалдарға байланысты болды. Материалдарды алдық, бір-екі күнде дайын болады.

Жауап: №3 топтың тәрбиешісі Ш.Жалғасбаева – қазір барлық үлестірмелі құралдарымды тіл дамытудан дайындап жатырмын, ал математика негіздерінен қолдан келетін жұмыстарды дайындадық, ендігісі сатып алынатын заттар.

Директор: С.И.Эбиева - олай болса пед. кеңестің қаулысын шығарамыз.

Қаулы:

1. 2024-2025 оқу жылының жұмыс жоспарындағы өзекті мәселе, міндеттерді шешуде педагогтар тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануға жұмыстансын.

2. 2024-2025 оқу жылында күнделікті ұйымдастырылған оқу қызметтері, таңертеңгілік жаттығулар және серуендер уақытымен орындалсын.

3. Балабақшадағы №1, №2, №3 топтардың безендірілуі мен топтардың үлестірмелі құралдары толықтырылсын.

Жиналыс төрағасы:



С.И.Эбиева

Хатшы:



З.И.Эбиева



«Бекітемін»
«Мерейли» жекеменшік
балабақша директоры:
С.И.Эбиева

Педагогикалық кеңес №2

Тақырыбы: «Ерекше білімді қажет ететін балалардың танымдық қызығушылығын ойын арқылы арттыру»

Мақсаты: балалардың денсаулығы мен өмірін қорғауды қамтамасыз етуге, балалардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін және әр баланың мүмкіндігін ескере отырып, ақыл-ой, адамгершілік, физикалық, эмоционалдық, танымдық қабілеттерін дамытуға психологиялық бағыт-бағдар беру.

Өткізу формасы: Педкеңес - дөңгелек үстел

№	Педагогикалық кеңесте қаралатын мәселелер	Уақыты	Өткізілетін түрі	Жауапты
1	№1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындауы	Қараша 2024 жыл	Дөңгелек үстел	Директор С.И.Эбиева
2	«Ерекше білім беруді талап ететін балаларға жасанды интеллект қалай көмектесе алады?»		Кеңес	Тәрбиеші
3	Ерекше білім беруді талап ететін балалармен жұмыс		Тренинг	Тәрбиеші
4	Қазан, қараша айындағы өткізілген тексерулер қорытындысы		Мәлімдеме	Әдіскер: З.И.Эбиева

**Мерейлі» жекеменшік 2024-2025 оқу жылындағы
педагогикалық кеңестің
№2 хаттамасы**

19 қараша 2024 жыл

Жаңаөзен қаласы

Күн тәртібінде:

1. №1 пед кеңестің шешімдерінің орындалуы – жауапты балабақша директоры С.И.Эбиева
2. «Ерекше білім беруді талап ететін балаларға жасанды интеллект қалай көмектесе алады?» – жауапты тәрбиеші Шапикова Н.
3. «Ерекше білім беруді талап ететін балалармен жұмыс» – жауапты балабақша тәрбиеші Кошбаева Ж.
4. Қазан, қараша айында өткізілген тексерулер қорытындысы – жауапты әдіскер З.И.Эбиева

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша: «Мерейлі» жекеменшік директоры С.И.Эбиева педагогикалық кеңестің күн тәртібімен және №1 педкеңестің шешімдерінің орындалысымен таныстырды. 2024-2025 оқу жылының жұмыс жоспарындағы өзекті мәселе, міндеттерді шешуде педагогтар тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануға жұмыстанды. Балабақшадағы №1, №2, №3 топтардың безендірілуі мен топтардың үлестірмелі құралдарының қорытындысы осы пед кеңесте қаралады.

Екінші мәселе бойынша: «Ерекше білім беруді талап ететін балаларға жасанды интеллект қалай көмектесе алады?» деген атты Н.Шапикова кеңесті оқыды. Ерекше білімді қажет ететін балаларға білім беру еліміздің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Біз әр балаға, оның қажеттіліктері мен өзге де жағдайларына тәуелсіз өз әлеуетін толық жүзеге асыруға, қоғамға пайдасын тигізуге, сонымен қатар оның толыққанды мүшесі болуына мүмкіндік беруіміз қажет.

Сөз сөйлеу:

Тәрбиеші: Ж.Ибадуллаева – сұрақ. «Ерекше білім беретін жасанды интеллект» тақырыбында өткізсін дер делінген – бұл не үшін керек? Жауап: Қазіргі таңда жаңа технологиялармен қаруланған мамандарды дайындау басты міндет болып отыр. Сондықтан біз әрдайым ізденісте болуымыз керек.

Тыңдалды:

Үшінші мәселе бойынша: «Ерекше білім беруді талап ететін балалармен жұмыс» – туралы тренингті тәрбиеші Ж. Кошбаева өткізді.

Мектепке дейінгі мекемеде баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталған алуан түрлі формалары мен тәсілдері бар. Денсаулық сақтау технологиясы балабақшада мынадай бағытта жүргізіледі :

а)Денсаулық сақтау және ынталандыру технологияларына жағдай жасау;

ә)салауатты өмір салтын үйрету технологиясы;

б)Түзету технологиялары арқылы жүргізілетінін айтты.

Төртінші мәселе бойынша:

«Мерейлі» жекеменшік С.Эбиева әдіскері топтардың жаңа оқу жылына дайындығы туралы айтты. Балабақшаға көрнекі құралдар аз екенін ескере айта отырып, оқу әдістемелік құралдар мен көрнекіліктерді толықтыру керек екенін айтты. №1, №2, №3топтар әлі күнге дейін безендіру жұмыстар толықтай аяқталмаған.

Қортынды:

1.№1, №2, №3 топтардағы безендіру жұмыстары қанағаттанарлық жағдайда деп есептелсін.

Қаулы:

1. 2024-2025 оқу жылының жұмыс жоспарындағы өзекті мәселе, міндеттерді шешуде педагогтар тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануға жұмыстансын.

2. 2024-2025 оқу жылында да шынықтыру шараларының ұйқыдан кейінгі шаралары және серуендер, таза ауадағы дене шынықтыру, таңертеңгілік жаттығулар уақытымен орындалсын.

Жиналыс төрағасы:



С.И.Эбиева

Хатшы:



З.И.Эбиева



«Бекітемін»
«Мерейлі» жекеменшік
балабақша директоры:
С.И.Эбиева

Педагогикалық кеңес №3

Тақырыбы: «Балабақша мен ата-арасындағы ынтымастық»

Мақсаты: балалардың денсаулығы мен өмірін қорғауды қамтамасыз етуге, балалардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін және әр баланың мүмкіндігін ескере отырып, ақыл-ой, адамгершілік, физикалық, эмоционалдық, танымдық қабілеттерін дамытуға психологиялық бағыт-бағдар беру.

Өткізу формасы: Педкеңес -семинар практикум

№	Педагогикалық кеңесте қаралатын мәселелер	Уақыты	Өткізілетін түрі	Жауапты
1	№2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындауы	Ақпан 2025 жыл	Дөңгелек үстел	Директор С.И.Эбиева
2	«Жас аналармен жұмыс жасауға нені ескереміз»		Кеңес	Тәрбиеші
3	«Әкелер мектебі» аясында шеберлік сағатры.		Тренинг	Тәрбиеші
4	Жарты жылдық жұмыстың қорытындысы		Мәлімдеме	Әдіскер: З.И.Эбиева

**«Мерейлі» жекеменшік балабақша 2024-2025 оқу жылындағы
педагогикалық кеңестің №3 хаттамасы**

05 ақпан 2025 жыл

Жаңаөзен қаласы

Күн тәртібінде:

- №2 пед кеңестің шешімдерінің орындалуы-жауапты балабақша директор: С.И.Эбиева
2. Өз іс- тәжірибесінен баяндама: «Жас аналармен жұмыс жасауға нені ескереміз» - жауапты тәрбиеші: Н.Шапикова
 3. «Әкелер мектебі» аясында шеберлік сағаты жауапты тәрбиеші: Ж.Ибадуллаева
 4. Жарты жылдық жұмыстың қортындысы- жауапты жас мамандар жетекшілері.

Тындалды:

Бірінші мәселе бойынша «Мерейлі» жекеменшік директоры С.И.Эбиева педагогикалық кеңестің күн тәртібімен және №2 педкеңестің шешімдерінің орындалысымен таныстырды.

1. 2024-2025 оқу жылының жұмыс жоспарындағы өзекті мәселе міндеттерді шешуде педагогтар тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануға жұмыстанады.
2. 2024-2025 оқу жылында, шынықтыру шараларының ұйқыдан кейінгі шаралар және серуендер, таза ауадағы дене шынықтыру, таңертеңгілік жаттығулар уақытымен орындалды.
3. Балабақшадағы №1, №2, №3 топтардың безендірілуі мен топтардың үлестірмелі құралдарының қорындысы осы пед кеңесте қаралады.

Сөз сөйлегендер:

1. Тәрбиеші : С.Куракбаева сұрақ «Ұлттық құндылықтар туралы» тақырыбында өткізілуге ұсыныс айтты.

Жауап: Қазіргі таңда жаңа технологиялармен қаруланған мамандарды дайындау басты міндет болып отыр. Сондықтан біз әрдайым ізденісте болуымыз керек.

Тындалды:

Екінші мәселе бойынша К.Клышбаева «Әкелер мектебі» шеберлік сағаты аясында баяндамасын оқыды. Баяндамада “Әкесі сондай адам еді, атасы жақсы адам, көргенді бала” деп ер адам тәрбиесін айта жүреді. Өйткені, әкесінің баласына қалдырған ең үлкен мұрасы-оның жақсы тәрбиесі деп баяндамасын қортындылады.

3 мәселе бойынша

«Жас аналармен жұмыс жасауға нені ескереміз» Ж.Ибадуллаева өз іс-тәжірибесінен баяндама оқыды.

4 мәселе бойынша

Балабақша тәрбиешілері және пән жетекшілері жарты жылдық жұмыстың қортындысы туралы өз есептерін баяндады.


Қортынды:

1. 2-ші пед кеңестің отырысында қаралатын топтарда үлестірмелі материалдармен жабдықталған.
2. №1, №2, №3 топтардағы безендіру жұмыстары қанағаттанарлық жағдайда деп есептелсін.

Қаулы:


1. 2024-2025 оқу жылының жұмыс жоспарындағы өзекті мәселе, міндеттерді шешуде педагогтар тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануға жұмыстансын.

Жиналыс төрағасы:



С.И.Эбиева

Хатшы:



З.И.Эбиева



«Бекітемін»

«Мерсейлі» жекеменшік
балабақша директоры:
С.И.Эбиева

Педагогикалық кеңес №4

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбиелеу әдістері»

Мақсаты: балалардың денсаулығы мен өмірін қорғауды қамтамасыз етуге, балалардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін және әр баланың мүмкіндігін ескере отырып, ақыл-ой, адамгершілік, физикалық, эмоционалдық, танымдық қабілеттерін дамытуға психологиялық бағыт-бағдар беру.

Өткізу формасы: Педкеңес - балабақшада іскерлік ойын түрінде педкеңес болып өтті.

№	Педагогикалық кеңесте қаралатын мәселелер	Уақыты	Өткізілетін түрі	Жауапты
1	№3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындауы	Наурыз 2025 жыл	Дөңгелек үстел	Директор С.И.Эбиева
2	Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру әдістері		Кеңес	Әдіскер: З.И.Эбиева
3	Экологиялық мерекелер. Отбасында мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру.		Көрме	Тәрбиеші
4	Экологиялық ойындар		Шебер сағат	Тәрбиеші
5	Ақпан, наурыз айында өткізілген оперативті тақырыптарды, салыстырмалы тексерулер қорытындысы		Мәлімдеме	Әдіскер: З.И.Эбиева

Мерейлі» жекеменшік балабақша
2024-2025 оқу жылындағы педагогикалық кеңестің
№4 хаттамасы

04 наурыз 2025 жыл

Жаңаөзен қаласы

Күн тәртібінде:

№3 пед кеңестің шешімдерінің орындалуы - жауапты балабақша директоры: С.И.Эбиева.

1.«Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру» есеп береді балабақша әдіскері З.И.Эбиева

2.«Отбасында мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру» жауапты: Ұ.Жилкишева

3.«Экологиялық ойындар» - жауапты: Н.Шапикова

Ақпан, наурыз айында өткізілген тексерулер қорытындысы.

Тыңдалды: Мектеп жасына дейінгі балаға экологиялық тәрбие беру маңызды. Табиғат сұлулығы рухани қайырымдылыққа тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады, яғни балаларды мейірімділікке, адамгершілікке, жақын адамдарға қамқор бола білуге көмектеседі.

Жауапты әдіскер: З.И.Эбиева.

Бірінші мәселе бойынша «Мерейлі» жекеменшік балабақша әдіскері педагогикалық кеңестің күн тәртібімен және №3 педкеңестің шешімдерінің орындалысымен таныстырды. 2024-2025 оқу жылының жұмыс жоспарындағы өзекті мәселе, міндеттерді шешуде педагогтар тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануға жұмыстанады.

2024-2025 оқу жылында шынықтыру шараларының ұйқыдан кейінгі шаралар және серуендер, таза ауадағы дене шынықтыру, таңертеңгілік жаттығулар уақытымен орындалды.

Балабақшадағы №1, №2, №3 топтардың безендірілуі мен топтардың үлестірмелі құралдарының қорытындысы осы педагогикалық кеңесте қаралады.

Екінші мәселе бойынша Сөз сөйлеу

Тәрбиеші: «Мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологияларды қолдана отырып, ойындар арқылы шығармашылығын дамыту» тақырыбында семинар тағы да өткізілсін. Жауап: Қазіргі таңда жаңа технологиялармен қаруланған мамандарды дайындау басты міндет болып отыр. Сондықтан біз әрдайым ізденісте болуымыз керек.

Тыңдалды:

Үшінші мәселе бойынша «Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру» есеп береді балабақша әдіскері З.И.Эбиева.

Төртінші мәселе бойынша Ақпан, наурыз айында өткізілген тексерулер қорытындысын мәлімдеме жасады балабақша әдіскері З.И.Эбиева.

Қорытынды:

3-ші педагогикалық кеңестің отырысында қаралатын топтарда үлестірмелі материалдармен жабдықталған.

№1, №2, №3 топтардағы безендіру жұмыстары қанағаттанарлық жағдайда деп есептелсін.

Қаулы:

2023-2024 оқу жылының жұмыс жоспарындағы өзекті мәселе, міндеттерді шешуде педагогтар тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануға жұмыстансын.

Жиналыс төрағасы:

С.И.Эбиева

Хатшы:

З.И.Эбиева



Педагогикалық кеңес №5

Тақырыбы: 2024 – 2025 оқу жылының қорытындылары

Мақсаты: Балабақшада жыл бойына жүргізілген жұмыстарды қорытындылау, балаға берілген сапалы білім мен тәрбиелік жұмыстардың мониторингісін жүргізу

Өткізілу формасы: Педкеңес – шығармашылық есеп

№	Педагогикалық кеңесте қаралатын мәселелер	Уақыты	Өткізетін түрі	Жауапты
1.	№4 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы	Мамыр 2025 ж	Мәлімдеме	Әдіскер З.И.Әбиева
2.	Топ тәрбиешілерінің және пән жетекшілерінің есебі	Мамыр 2025 ж	Мәлімдеме, мониторинг	Барлық тәрбиешілер, пән жетекшілер
3.	Барлық топ балаларының қабілеттерін диагностикалау	Мамыр 2025 ж	Мәлімдеме	Әдіскер З.И.Әбиева
4.	Балабақшаның жылдық қорытынды есебі	Мамыр 2025 ж	Мәлімдеме	Әдіскер З.И.Әбиева
5	Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту.	Мамыр 2025 ж	Мәлімдеме	Әдіскер З.И.Әбиева

**«Мерейлі» жекеменшік балабақша
2024-2025 оқу жылындағы педагогикалық кеңестің
№5 хаттамасы**

14 мамыр 2025 жыл

Жаңаөзен қаласы

Күн тәртібінде:

1. №4 пед кеңестің шешімдерінің орындалуы-жауапты балабақша әдіскері: С.И.Эбиева
2. «Топ тәрбиешілерінің және пән жетекшілерінің есебі»- жауапты барлық тәрбиешілер пән жетекшілер.
3. Барлық топ балаларының қабілеттерін диагностикалық. Жауапты әдіскері: С.И.Эбиева
4. Балабақшаның жылдық қорытынды есебі. Жауапты әдіскер: С.И.Эбиева

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша: «Мерейлі» жекеменшік балабақша әдіскері: С.И.Эбиева педагогикалық кеңестің күн тәртібімен және №4 педкеңестің шешімдерінің орындалысымен таныстырды.

1. 2024-2025 оқу жылының жұмыс жоспарындағы өзекті мәселе, міндеттерді шешуде педагогтар тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануға жұмыстанады.

2. 2024-2025 оқу жылында, шынықтыру шараларының ұйқыдан кейінгі шаралар және серуендер, таза ауадағы дене шынықтыру, таңертенгілік жаттығулар уақытымен орындалды.

3. Балабақшадағы №1, №2, №3 топтардың безендірілуі мен топтардың үлестірмелі құралдарының қорытындысы осы пед кеңесте қаралады.

Екінші мәселе бойынша: «Топ тәрбиешілерінің есебі, жыл бойы өткізілген мерекелік іс-шара жоспары, тақырыптық оқу қызмет жоспары жинақтап толықтыру жайында айтып өтті.

Сөз сөйлегендер:

1. Тәрбиеші Куракбаева сұрақ қойды: «Балабақшада сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мүмкіндіктері» тақырыбында семинар тағыда өткізілсін

Жауап: Қазіргі таңда жаңа технологиялармен қаруланған мамандарды дайындау басты міндет болып отыр. Сондықтан біз әрдайым ізденісте болуымыз керек.

Тыңдалды:

Үшінші мәселе бойынша: «Барлық топ балаларының қабілеттерін диагностикалау. Балалардың жас ерекшеліктеріне қарай диагностика жүргізу, топ тәрбиешілерінің қортынды есебін жинақтау.

Төртінші мәселе бойынша: Балабақшаның жылдық қорытынды есебін жүргізу, жинақтау тапсыру. Жауапты С.И.Эбиева

Қорытынды:

1. 3-ші пед кеңестің отырысында қаралатын топтарда үлестірмелі материалдармен жабдықталған.

2. №3, №4, №6, №9 топтардың үлестірмелі материалдармен қамтылуы және №1, №2, №3 топтардағы безендіру жұмыстары қанағаттанарлық жағдайда деп есептелсін.

Қаулы:

1. 2024-2025 оқу жылының жұмыс жоспарындағы өзекті мәселе, міндеттерді шешуде педагогтар тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануға жұмыстансын.

2. 2024-2025 оқу жылында танымдық, коммуникативтік, физикалық дағдылар бойынша жұмыстар уақтымен орындалсын.

3 Балабақшадағы №1, №2, №3 топтардың безендірілуі мен топтарың үлестірмелі құралдарының қортындысы келесі пед, кеңесте қаралсын.

Жиналыс төрайымы:



С.И.Эбиева

Хатшы:



З.И.Эбиева